

Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылғы «28» наурыздағы
№ 6 хаттамасымен
бекітілген

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2022 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ***

Жоспардың іс-шаралары келесі стратегиялық бағыттар негізінде құрылған:

1. 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысымен айқындалған Қордың мақсаттарын іске асыруға бағытталған міндеттер.

2. 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысымен тікелей белгіленген міндеттер.

3. Мемлекет басшысымен 2022 жылғы 8 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында; 2022 жылғы 13 ақпандағы Хазірет Сұлтан мешітінде өткен, қаңтар оқиғаларының құрбандарын еске алуға арналған рәсімде; 2022 жылғы 21 қаңтарда отандық бизнес өкілдерімен кездесуде қойылған міндеттер.

4. Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен, ҮЕҰ-мен, мемлекеттік органдармен, салалық сарапшылармен, өзге де стейкхолдерлермен стратегиялық сессиялардың қорытындылары бойынша, сондай-ақ азаматтардың өтінімдерін талдау қорытындылары бойынша қалыптастырылған миссияларды іске асыруға бағытталған міндеттер.

№	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Тәлімгер, Орындаушы
Денсаулық сақтау саласындағы нақты проблемаларды шешу				
1.	«Сирек (орфандық) аурулары бар балалар» бағдарламасын мына бағыттар бойынша іске асыру:			Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
1.1.	Генетикалық аурулары бар балаларға қымбат дәрі-дәрмектерді сатып алу:	Генетикалық аурулары бар балалардың қымбат дәрі-дәрмектермен қамтамасыздығы	бір жылдың ішінде	
1.1.1.	Қымбат тұратын дәрі-дәрмектерді қажет ететін генетикалық аурулары бар балалардың тізімін Денсаулық сақтау министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен келісу	Қымбат тұратын дәрі-дәрмектерді қажет ететін генетикалық аурулары бар балалардың келісілген тізімі	сәуір	

1.1.2.	Жобаларды Қордың тиісті сараптама комитетіне шығару	Сараптама комитетінің хаттамалары	бір жылдың ішінде	
1.1.3.	Қымбат тұратын дәрі-дәрмектерді жеткізуге шарттар жасасу	Қол қойылған шарттар және олар бойынша төлем	бір жылдың ішінде	
1.2.	Басқа да сирек кездесетін (орфандық) аурулары бар балаларды емдеу үшін медициналық мекемелер үшін дәрі-дәрмектер сатып алу:	Басқа сирек кездесетін (орфандық) аурулары бар балаларды емдеу үшін медициналық мекемелердің дәрі-дәрмектерімен қамтамасыздығы	бір жылдың ішінде	
1.2.1.	Медициналық мекемелерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірлеу	Қамқоршылық кеңеспен келісілген медициналық мекемелерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл алгоритмі	мамыр	
1.2.2.	Дәрі-дәрмектерді жеткізуге шарттар жасасу	Қол қойылған шарттар және олар бойынша төлем	бір жылдың ішінде	
2.	«Мүгедектікке алып келетін ауруларды анықтау және ерте диагностикалау» бағдарламасын мына бағыттар бойынша іске асыру:			Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
2.1.	Офтальмологиялық скрининг:			
2.1.1.	2021-2023 жылдарға арналған мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі Жол картасын сүйемелдеу жөніндегі Үкіметтің жобалық кеңсесімен бірлесіп бағдарлама бойынша жабдықтарға, мамандарды оқытуға, іске асыру кезеңдеріне және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерге қажеттілікті айқындауды негіздеу	Қамқоршылық кеңеспен бағытты іске асыру бойынша тәсілдерді бекіту	наурыз	
2.1.2.	Қамқоршылық кеңеспен бекітілген тәсілдерге сәйкес бағытты іске асыру	Медициналық ұйымдардың офтальмологиялық скринингке арналған жабдықпен қамтамасыздығы	іске асыру кезеңділігіне байланысты	
2.2.	Аудиологиялық скрининг:			
2.2.1.	2021-2023 жылдарға арналған мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді көмекті жетілдіру жөніндегі Жол	Қамқоршылық кеңестпен бағытты іске асыру бойынша тәсілдерді бекіту	наурыз	

	картасын сүйемелдеу жөніндегі Үкіметтің жобалық офисімен бірлесіп бағдарлама бойынша жабдықтарға, мамандарды оқытуға, іске асыру кезеңдеріне және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерге қажеттілікті айқындауды негіздеу			
2.2.2.	Қамқоршылық кеңеспен бекітілген тәсілдерге сәйкес бағытты іске асыру	Медициналық ұйымдардың аудиологиялық скринингке арналған жабдықпен қамтамасыздығы	іске асыру кезеңділігіне байланысты	
2.3.	Жұлын бұлшықетінің атрофиясы:			
2.3.1.	ЖБА ерте диагностикасын ұйымдастыру бойынша тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу	Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсыныстар	мамыр	
3.	Мына бағыттар бойынша «Мүгедек адамдарды (балалар мен ересектерді) оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету» бағдарламасын іске асыру:			Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
3.1.	Бионикалық протездермен қамтамасыз ету:			
3.1.1.	Бионикалық протездерді өндірушілер мен жеткізушілерден ұсыныстарды жинау және талдау	Жеткізушілерді таңдау	сәуір	
3.1.2.	Бионикалық протездерді алушылардың контингентін және осы қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шығындарды айқындау	Осы бағыт бойынша контингентті және лимитті Қамқоршылық кеңестің бекітуіне шығару	мамыр	
3.1.3.	Жеткізушілермен шарттар жасасу	Қол қойылған шарттар және олар бойынша төлем	маусымнан бастап, жылдың соңына дейін	
3.2.	Оңалту құралдарымен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету			
3.2.1.	Оңалту құралдары мен медициналық	Оңалту құралдарымен және медициналық	маусым	

	бұйымдарды, контингентті, өнім берушілерді таңдауды қоса алғанда, осы бағытты іске асырудың тәсілдерін айқындау	бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларға тәсілдерді Қамқоршылық кеңестің бекітуіне шығару		
4.	«Ауыр сырқаты бар адамдар (балалар мен ересектер)» бағдарламасын мына бағыттар бойынша іске асыру:			Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
4.1.	Ағзалар мен тіндерді транспланттау:			
4.1.1.	Қайырымдылық көмекті қоса алғанда, осы бағытты іске асыру тәсілдерін айқындау: - шетелдік ұйымдарда балаларға ағзаларды транспланттау бойынша; - мәйіттік донорлық мәселелері бойынша транспланттауды үйлестірушілерді оқыту бойынша; - донорлық орталықтарды материалдық-техникалық жарақтандыру және дамыту бойынша. Сондай-ақ азаматтарды шетелдік емделуге жіберу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу жетекші бейінді орталықтарда, кейіннен Қорға қаржыландыру үшін материалдар ұсыныла отырып айқындалады деген қағидатты бекіту.	Осы бағыт бойынша жобаларға тәсілдерді Қамқоршылық кеңестің бекітуіне шығару	наурыз	
4.2.	Онкологиялық және гематологиялық патология:			

4.2.1.	<p>Қайырымдылық көмекті қоса алғанда, осы бағытты іске асыру тәсілдерін айқындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР тіркелмеген немесе белгілі бір себептермен сатып алынбайтын дәрілік құралдармен қамтамасыз ету бойынша; - тізбесі құзыретті органдармен анықталуы қажет онкологиялық ауруларды диагностикалау кезіндегі жекелеген мәселелерді шешу бойынша; - ҚР құзыретті органдарының сүйек кемігі донорларының шетелдік базаларымен халықаралық өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру үшін; - Қазақстанда онкологиялық ауруларды емдеуде шетелдік тәжірибені қолдануды локализациялау мен дамытудың тиімді жүйесін құру үшін. <p>Сондай-ақ азаматтарды шетелдік емделуге жіберу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу жетекші бейінді орталықтарда, кейіннен Қорға қаржыландыру үшін материалдар ұсыныла отырып айқындалады деген қағидатты бекіту.</p>	Осы бағыт бойынша жобаларға тәсілдерді Қамқоршылық кеңестің бекітуіне шығару	наурыз	
Білім беру саласындағы нақты мәселелерді шешу				
5.	«Ауылдарда және шағын қалаларда мектептегі білім деңгейін арттыру» бағдарламасын іске асыру	Ауылдарда және шағын қалаларда мектептегі білім деңгейін арттыру жөніндегі бағыттар мен тәсілдерді Қамқоршылық кеңестің қарауына шығару	мамыр	Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
Әлеуметтік қолдау жөніндегі нақты мәселелерді шешу				
6.	Табысы аз және өзге де мұқтаж	Табысы аз және өзге де мұқтаж адамдарға	сәуір	Айсағалиева С.С.

	адамдарға атаулы көмек көрсету жөніндегі тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу	атаулы көмек көрсету жөніндегі тәсілдерді Қамқоршылық кеңестің қарауына шығару		Шарапиев Ч.Б.
7.	«Жетім балалар және өмірлік қиын жағдайда қалған балалар» бағдарламасын мынадай бағыттар бойынша іске асыру: 7.1. Мемлекетпен қабылданатын шаралардан тыс жетім балалар мен өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау. 7.2. «Жаңа форматтағы» балалар үйлерін қолдау жөніндегі мәселені пысықтау. 7.3. Отбасы мүшелерінің бірі жетім бала немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар жас отбасылар үшін тұрғын үйді жалға беру бойынша өтемақы.	Тәсілдерді әзірлеу, Қамқоршылық кеңестің қарауына қолдау бойынша ұсыныстар енгізу	маусым	Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
8.	«Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау» бағдарламасын мынадай бағыттар бойынша іске асыру: 8.1. Болашақ мамандық ретінде бағдарламалауды оқыту. 8.2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мектептердің спорт залдарын, музыкалық сыныптарын және өзге де аудиториялары мен үй-жайларын жабдықтандыру	8.1. Пысықталған жобаларды Қамқоршылық кеңестің бекітуіне шығару 8.2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мектептерді жабдықтандыру жөніндегі ұсыныстарды Қамқоршылық кеңестің қарауына шығару	маусым шілде	Чинкисбаева Л.А. Бидатова Г.К.
Спорттық инфрақұрылым				
9.	Спорттық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді пысықтау			Айсағалиева С.С. Елшибеков С.К.
9.1.	Аудан орталықтары мен шағын қалаларда спорт залдарын	Жеткізушілерді таңдау	сәуір	

	<p>қайырымдылық ұйымдарының көмегін тарту жоспарлануда.</p> <p>Бұл қорға лотереялық қызмет операторының, ставкаларды есепке алу орталығының және басқа монополистердің міндетті аударымдары түсіп отырады.</p> <p>Үкімет компаниялар тобын анықтап, олармен Қорға жыл сайын аударылатын жарналар мөлшерін бекітуі керек.</p> <p>Барлық ірі компаниялар жыл сайын Қорға салық салынатын кірістердің белгілі бір пайызын аударатын болады».</p>			
Қызметтің ашықтығын, қоғамға есеп беруге міндеттілікті және бақылауды қамтамасыз ету				
14.	Ақпаратты ашу тәртібін әзірлеу	Қордың құқықтық актісі	сәуір	Дуйсенбаева Г.К.
15.	Өтінімдер мен өтініштерді өңдеу және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту	Қордың құқықтық актісі	наурыз	Чинкисбаева Л.А. Качкарова А.А.
16.	Қайырымдылық көмек көрсету үшін жобалар мен бағдарламаларды іріктеу критерийлерін бекіту	Қордың құқықтық актісі	наурыз	Айсағалиева С.С. Елшибеков С.К.
17.	Халық проблемаларын, оларды шешу жөніндегі шараларды әзірлеу үшін одан әрі тиісті мемлекеттік органдарға жеткізу үшін шоғырландыру	Қамқоршылық кеңесімен алдын ала мақұлданған Үкіметке ұсынылатын ұсыныстар жобасы	4 тоқсан	Айсағалиева С.С. барлық құрылымдық бөлімшелер
Қордың ішкі процестері				
18.	IT-аудитті жүргізу үшін техникалық тапсырманы әзірлеу	Техникалық тапсырма Қамқоршылық кеңеске арналған есеп	сәуір мамыр	Айсағалиева С.С. Чинкисбаева Л.А.
19.	Қордың PR-стратегиясын әзірлеу (контент-жоспар, SMM-жұмыс, SEO-оңтайландыру)	Қамқоршылық кеңеске арналған есеп	сәуір	Есеналиева А.М.